



БҰЙРЫҚ

382 № 2023 жылғы 31 маусым

ПРИКАЗ

Астана қаласы

город Астана

**«Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенінің ахуалдық-талдамалық орталығы» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 65-бабы 3-тармағына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы заңының 177-бабы 2-тармағының бірінші бөлігінің 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2023 жылғы 19 қазандағы № КГИП-03-КГ/10205 хатына, Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің 2023 жылғы 13 қыркүйектегі № 01-3-11/8503-ХР хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 1 шілдедегі № 257 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенінің ахуалдық-талдамалық орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Қоғам Басқарма Төрағасы (Ә. Қопабаев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қоғам Жарғысына енгізіліп отырған өзгерістер мен толықтыруларға қол қойсын;

2) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша қабылданған Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы берілген тиісті саланың уәкілетті органының шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



А. Сәтқалиев

056386

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2023 жылғы «31» 10  
№ 382 бұйрығымен  
бекітілген

**«Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенінің  
ахуалдық-талдамалық орталығы» акционерлік қоғамының Жарғысына  
енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 1 шілдедегі № 257 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенінің ахуалдық-талдамалық орталығы» акционерлік қоғамы Жарғысының (бұдан әрі – Жарғы) 9-тармағының 1), 2), 3) тармақшалары келесі редакцияда жазылсын:

- «1) мемлекеттік тілде: «ҚР ОЭК АТО» АҚ;
- 2) орыс тілінде: АО «САЦ ТЭК РК»;
- 3) ағылшын тілінде: JSC «SAC FEC RK».

2. Жарғының 10-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«10. Қоғамның атқарушы органының орналасуы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Нұра ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 19-үй, Блок А, пошта индексі 010000.».

3. Жарғының 4-тарауының тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

«4. Қоғамның функциялары, мақсаты, қызметінің мәні және түрлері».

4. Жарғының 19-тармағы мынадай редакциядағы 19), 20) тармақшалармен толықтырылсын:

«19) Қоғамның отын-энергетикалық кешен шеңберінде қызметті жүзеге асыруын қамтамасыз ететін бағдарламалық және ақпараттық жүйелерді әзірлеу, енгізу және сүйемелдеу, сондай-ақ отын-энергетикалық кешен салаларында ақпаратты жинау және өңдеу - өз қажеттіліктері үшін «Ақпараттық жүйелер мен дерекқорларды сүйемелдеумен ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету» ЭҚЖЖ 63.11.2;

20) цифрлық картография және топографиялық-геодезиялық деректер негізінде геоақпараттық жүйелер құруды қамтитын картография саласындағы қызметтер, оның ішінде: графикалық, цифрлық, фотографиялық және өзге де нысандарда топографиялық және арнайы карталар мен жоспарлар, ғарыштық суреттер бойынша фотопландар жасау (векторлау) - өз қажеттіліктері үшін «Картография саласындағы қызмет» ЭҚЖЖ 71.12.5.».

5. Жарғы мынадай редакциядағы 19-1-тармағымен толықтырылсын:

«19-1. Қоғам сондай-ақ Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің құлақтандыру жүйесін тұрақты әзірлікте ұстап тұру функциясын жүзеге асырады.».

Басқарма Төрағасы

Ә. Қопабаев